

ӘОЖ 340.141 (574)

Д.А. Турашбекова

ҚР ҰҚК Академиясы, з.ғ.к., Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

E-mail: Dari\_03@mail.ru

**Кіші жүз ханы Әбілқайырдың және Осман империясының сұлтаны Сүлейманның мемлекет қайраткерлік қызметтері**

Аталмыш мақалада Кіші жүз ханы Әбілқайырдың және Осман империясының сұлтаны Сүлейманның мемлекеттік қайраткерлік қызметтері суреттеледі. Олар өмір сүрген заманның саяси хал-ахуалы және көрші мемлекеттермен әскери, мәмілегерлік қарым-қатынастары баяндалады, сондай-ақ саяси-әскери іс-әрекеттері салыстырылып ғылыми зерттелінеді.

**Түйін сөздер:** әскери-мәмілегерлік іс-әрекет, әскери-саяси хал-ахуал, әскери қасиеттері, мәмілегерлік қызмет, саяси таңдау.

D.A. Turashbekova

**State activity of the khan of Minor zhuzh (horde) Abulkhair and the Ottoman Sultan Suleiman**

This article describes the state activity of the Khan of Minor zhuzh (horde) Abulkhair and the Ottoman Sultan Suleiman. Sets out the political situation during the era of the officials and military, diplomatic relations with the neighboring states as well as the scientific study comparing the political and military action.

**Keywords:** military-diplomatic actions, military-political position, military qualities, diplomacy power, political choice.

Д.А. Турашбекова

**Государственная деятельность хана Младшего жуза Абулхаира и султана Османской империи Сулеймана**

В данной статье описывается государственная деятельность хана Младшего жуза Абулхаира и султана Османской империи Сулеймана. Излагаются политические положения времен эпохи деятелей и военные, дипломатические взаимоотношения с соседними государствами, а также, научно сравнивая, изучаются политико-военные действия.

**Ключевые слова:** военно-дипломатические действия, военно-политическая позиция, военные качества, дипломатическая деятельность, политический выбор.

**Introduction (Кіріспе).** Әр елдің тарихында саяси-мәмілегерлік және әскери тактикаларды жетік меңгеріп даңқы шыққан біртуар тұлғалар баршылық. Олар дипломатияның қыр-сырын бойларына сіңіре, халықаралық келіссөздерді ұтымды жүргізе отырып өз мемлекетінің ішкі және сыртқы қызметтерінде әскери, саяси-экономикалық тұрғыда дамуына өз үлесін қосқан.

Тарихқа көз жүгіртсек, әрбір ғасырдың өзіне тән ұлы тұлғалары өшпес ерлігімен халық есінде

қалады. Міне, осындай тұлғалар қатарынан Қазақ елінің Кіші жүз ханы Әбілқайыр (1693-1748 жж.) және Осман империясының сұлтаны I Сүлейман (1495-1566 жж.) туралы сөз қозғалмақ.

Еңбектің ғылыми мақсаты әрі бағыты болып – Әбілқайыр хан мен Сүлейман сұлтанның саяси-мәмілегерлік және әскери іс-әрекеттерін талдай келе, олардың мемлекет қайраткері ретіндегі қызметінің бейнесін ғылыми сомдау.

**Main body. (Негізгі бөлімі).** Кіші жүз ханы туралы мәліметтер көптеген ғылыми еңбектерде

Әбілқайыр өмір сүрген заманның саяси-экономикалық хал ахуалының қиын жағдайда болғанымен суреттеледі.

Жалпы, қазақ қоғамының әлеуметтік-саяси жағдайының әлсіреуіне ықпал еткен мән-жайлардың бірі – көршілес елдердің қазақ халқының жеріне көз салуында еді. Сол дәуірдегі қазақ қоғамының саяси жағдайы көптеген ғылыми еңбектерде суреттеледі. Соның бірінде:

«Қазақ даласына қай кезде де дұшпан көздің сұғы көп қадалған. XVIII ғасырдың басынан бері қарай Қазақстанның сыртқы саяси жағдайы күрт шиеленісіп кетті. Батыс жақтан Орал казактары қолтығына су бүріккен Еділ қалмақтары шабуылдай бастады. Жайық бойындағы ел шалғынға башқұрттар таласуын қоймады.

Дегенмен, басты қауіп шығыстан, ойраттардың бір орталықтан басқарылатын қуатты көшпенді мемлекеті – Жоңғар хандығы тарапынан төніп тұрды.

Орталық Азия тарихындағы осы бір қиын-қыстау кезеңде қазақ халқы азулы басқыншыға қарсы екі жүз жылдық күрестің ең ауыр жүгін жеке өз мойнымен көтерді. Бұл жолда елім деп еңіреген ерлер мен кемел қолбасшыларды алға шығарды.

Ересімі – ел есінде. 1726 жылы Түркістанның оңтүстік-шығыс бетіндегі Ордабасы биігінде қазақтың барлық тайпалары мен руларының жақсысы мен жайсаңының басы қосылған ұлы жиыны өтті. Сол жиында бүкіл қазақ қосынының басын біріктіру жөнінде тарихи мәні ерекше шешім қабылданды. Халықтың үш ұлы перзенті – Әлібек ұлы Төле би, Келдібек ұлы Қазыбек би, Бәйбек ұлы Әйтеке би елдің бірлікті аңсаған арманын жүзеге асырды. Қазақ әскерінің бас сардары болып өзінің жаужүрек қолбасы екенін талай танытқан Әбілқайыр сайланды.

XVIII ғасырдың 20-жылдарындағы жоңғар шапқыншылығының Қазақстан мен Орталық Азия халықтары үшін қасіретті зардабы өте зор болды. Қалалар қирап, сауда мен қолөнер тоқырады, халық мың-мыңдап босқындыққа түсті. Көші-қонның дәстүрлі реті мен бағыт-бағдары бұзылды. Көшпенді тұрмыс пен отырықшы өмір арасындағы экономикалық байланыс үзілді. Аймақтағы өндіргіш күштер әлсіреді. Бұл жылдар қазақ тарихында «Ақтабан шұбырынды» атанды. Ел өміріне ұзақ уақыт жазылмайтын жара салды.

Жоңғар хандығымен күреске бел шеше

кірісу үшін батыс тараптағы елдермен бейбіт қарым-қатынас орнату қажет болды.

Оны Ресейдің патша өкіметі де жақсы түсінді. Ол сол кездің өзінде халықтарды бір-біріне айдап салу саясатын шебер жүргізе бастаған-ды. Атап айтқанда, мұндай әдістер екі халықты да қирату мақсатымен, қазақтар мен ойраттар арасында соғыс өртін тұтату үшін пайдаланылды. XVIII ғасырда мұнан кейін болған аса күрделі оқиғалардың алғышарттары осылай болды. Соның салдарынан алдымен батыс, одан кейін басқа да аймақтар тәуелсіздігінен айырылды, ақыр аяғында Қазақстан Ресей империясының отарына айналды.

Осы тұста Қытайдың Орталық Азияға сұғына кіруі де өрістей түсті. Сол кездегі Қазақстанның екі империяның арасында қалған қиын халін Мағжан Жұмабаев:

Алыстан орыс, қытай ауыр салмақ,  
Жақыннан тыншытпайды қалың қалмақ,  
Арты – ор, алдында – көр, жан-жағы жау,  
Дағдарды Алаш енді қайда бармақ?! –

деп күйзеле суреттеген болатын» [1, 9-12 бб.].

Қазақтардың көршілес жұрттарымен қарым-қатынастары шиеленісіп, олардың арасында әскери соқтығысулар жиілетілді. Қазақ қоғамы жан-жағынан қауіп төніп, үлкен қатер алдында тұрды. Еділ қалмақтары, Жайық орыс-казактары, башқұрттар мен жоңғарлар жан-жақтан анталап, қазақ жеріне шабуыл жасауға дайын еді.

Кіші жүзге көршілес орналасқан халықтарымен Кіші жүз ханының ара-қатынасы әртүрлі шайқастар мен қақтығыстарға толы. Сөзіміз дәлелді болу үшін біреу тарихи оқиғаларға қысқаша шолу жасайық.

Мәселен, Кіші жүз қазақтары мен башқұрттар арасындағы қақтығыстарды қарасақ, жеңіс пен жеңіліс екі жаққа алма кезек ауысып отырған.

Еділ – Орал аймағындағы патша әкімшілігіне қарсы көтерілген башқұрттардың тарханы Алдар Исянгельдин айбынды қолбасшы Әбілқайырға арқа сүйегісі келіп, 1709 жылы Ноғай аймағына Кіші жүз ханын шақырды.

Башқұрт халқының тарихында өзіндік із қалдырған қолбасшылық талантымен, ұйымдастырушылық қабілетімен ерекшеленетін қазақ сұлтаны Әбілқайырдың белгілі башқұрт игілерімен тығыз қарым-қатынас жүргізгендігі туралы деректердің бірінде, «башқұрт тарха-

ны Алдар мен оның серіктері жас Әбілқайыр сұлтанды шақырып, оны хан деп атады» – делінген [2, 103-116 бб.].

Осы мәлімет бойынша келесі сауал туады, Кіші жүз ханы болмай тұрып, Әбілқайыр башқұрт ханы болды ма?

Бұл жылдары оның башқұрт ханы болғаны туралы деректерде дәл айтылмаған. Бірақ ескеретін жай, сол заманда көп жағдайда хан тағына қазақ сұлтандарын башқұрт халқымен қоса, хиуалықтар да шақыратын.

1715 жылдың басында Әбілқайыр хан бастаған әскери күш башқұрт жеріне шабуыл жасады. Қазан губерниясындағы Черемшан өзенінің алқабын басып алып, Ново-Шешминск станциясын өртеп жіберді.

1717 жылдың қысында Әбілқайыр 10 мыңдай әскермен башқұрт халқының Қазан уезіне жаңа жорық жасады. Ново-Шешминскіні басып алып, көп адамдарды тұтқынға түсірді. Бірақ кейін шегінуге мәжбүр болды.

Ал Кіші жүз ханы Әбілқайырдың Жайық орыс-казактарымен әскери соқтығысуы тарихи арнада өзіндік із қалдырған [3].

Кіші жүз қазақтары мен Жайық орыс-казактарының қарым-қатынасы тарихи өзара жаулық, соғыс шайқастары, бірін-бірі тұтқынға алу, малдарын айдап әкету көріністеріне толы. Соның кейбір шайқастарына тоқталсақ.

1718 жылы қазақтар мен қарақалпақтардың 20 мың әскері Жайық қалашығын бір ай қоршауда ұстайды. 1719 жылы шілде айында Кіші жүз ханы Әбілқайыр 20 мың әскермен келіп, тағы да Жайық қалашығын қоршауға алды. Егер Әбілқайыр ханның қаланы қалдырып, Еділ қалмақтарына шабуыл жасауы болмаса, Жайық қалашығы қазақ әскери жасағының қолына түсер еді.

1723-1724 жылдар аралығында Кіші жүз ханы Әбілқайыр Жайық қалашығына қайта шүйіледі. Сол кездерде тарих көрінісінде қалған орыс-казактары мен қалмақтардың біріккен әскер отрядтары қазақ әскерімен Утва, Самара, Шаған өзендері бойында талай рет шайқастар жүргізді [4, 108-110 бб.].

Әбілқайырдың қалмақ хандығымен аянбай күресуінің бірден-бір себебі қоныс мәселесі болатын. Өйткені Жайық өзенінің жағалауындағы жайылымдар мен ормандар тұрмысқа өте қолайлы еді. Осы ретте Жайыққа таласуын қоймаған Әбілқайырдың мынадай сөз жолдары

кездеседі: «Жайық өзені кеуіп қалғанша, қазақ халқы бұл жерден айырылмайды. Өйткені қазақ елі мұндай жайлы жерді еш жерден таппайды» [5, 366 б.].

Әбілқайыр жоңғарлармен де күреске баса назар аударды, өйткені қазақтардың ең басты жауы жоңғарлықтар болды. Қазақ халқына басты қауіп-қатер солардың тарапынан төніп тұрды [6, 122 б.].

Кіші жүз ханы Әбілқайырдың Жоңғария халқымен түскен әскери қақтығыстарға тоқталсақ, 1718 жылы 30 мың әскер күшін басқарумен Әбілқайыр қазақ халқының үлкен ханы Қайып ханмен бірге, Аякөз өзенінің бойында жоңғарларға қарсы шайқасты. Белгілі бір жеңістерге жеткенімен, Әбілқайыр хан әскери күші жоғары тұрған жоңғарларға қазақ жасақтарының әскері қарсы тұра алмайтынын түсінді де, Ресей империясының Сібір әкімшілігімен жоңғарларға қарсы әскери одақ құру туралы келіссөздер жүргізді [7, 115 б.].

1720 жылы қазақ халқы жоңғарлардың әскери күші маньчжур-қытайлықтарға қарсы әскери әрекет еткенін пайдаланып бірқатар жоңғар ұлыстарын талқандап, 3 мыңға жуық тұтқындарды алды.

1722 жылы Жоңғария Цин империясымен бейбітшілік орнатады. Бұл қазақ халқының өміріне қауіпті күндердің төнуінің бастамасы болды. 1723 жылдың ерте көктемінде, әскери әрекеттерге әбден жақсы дайындалған жоңғарлар бірнеше әскери топтарымен Қазақстанның жеріне шабуыл жасайды. Аз уақыттың ішінде жоңғарлар баса көктеп қазақ жасақтарын талқандайды. Сөйтіп, Ташкент, Сайрам, Түркістан және көптеген басқа да қалаларды жоңғарлар жаулап алды. Қазақ халқының әдет-ғұрып дәстүрі бойынша қалыптасқан қоныстарын жойды. Жоңғарлар, Ұлы және Орта жүзді Ходжент пен Самарканд қалаларына, Кіші жүзді Хиуа мен Бұхара қалаларына қашуға мәжбүр еткізеді. Қазақтар әскери шапқыншылықтардан ғана ауыр азап көрген жоқ, сонымен бірге мүліктерінен және мал шаруашылығынан айырылу себептерінен туындаған ашаршылықтарда көптеген адамдардан айырылды. Бұл жылдар қазақ халқының тарихында «Ақтабан шұбырынды» жылдары ретінде есте қалды.

1723 жылы жоңғар қазақ елінің Ташкент, Түркістан, Сайрам секілді қалалық қолөнер

орталықтарына шабуыл жасады. Қазақ елі қиын-ауыр хал-ахуалына түсті.

1723-1725 жылдар аралығындағы жоңғарлардың әскери шапқыншылықтары қазақ халқының әлеуметтік-экономикасының дамуын біршама төмендетті.

Қалмақтар мен жоңғарлардың әскери бірігуі, олардың саяси тұрғыдан одақтасуының себебі – қазақ ордасын саясат сахнасынан шеттетуді.

Егер Әбілқайырдың қалмақ ханы Аюкемен күш санаспай күресуінің себебі – қоныс мәселесі болса, онда жоңғар билеушісі Сыбан Раптан да қазақ иелігіндегі жерге үйлікті, оның түпкі мақсаты – көшпелілердің біртұтас империясын құру болды.

1726 жылы Түркістан қаласы маңындағы Ордабасы биігінде үлкен кеңес өтті. Онда жоңғар басқыншыларына қарсы қазақтың біріккен әскери күшін құру шешімі қабылданды. Сөйтіп, үш жүз өкілдерінен жиналған халық жасағы құрылды. Әскери өнерімен даңқы шыққан Кіші жүз ханы Әбілқайырды халық жасағының бас қолбасшысы ретінде бір ауыздан сайлады [8, 130-139 бб.].

1727 жылы Бұланты өзенінің бойында жоңғарлар ірі жеңіліске ұшырады. Жоңғарлардың бұл жеңілген жері «Қалмақ қырылған» деп аталады.

Қорыта келгенде, бұл жеңістер қазақ халқына ең қажет кезінде тыныс берген аса елеулі тарихи оқиғалардың бірі болды. Әрине, ұлы жеңістердің басты кепілі – қазақ халқының өзара ішкі ынтымақтастықпен тізе қосып күресуінде екенін ескергеніміз жөн. Сонда да жеке ерліктерімен жан аямаған батырлар болғанымен де үш жүздің әскери жасағының күшін біріктіріп ұрыс даласында үйлестіруде Әбілқайырдың жөні бөлек [9, 21 б.; 10.].

Ғасырдан-ғасырға өткен бұл шайқастарда жеңушілер де жеңілушілер де тарих көріністерінде орын алды. Сол дәуірдегі екі ірі халықтардың соғысы бірін-бірі әлсіретті. Әсіресе қазақ халқын жоқ қылуға сәл-ақ қалды. «Қалмақ қырылған» шайқасының, «Аңырақай» шайқасының жеңістері қазақ халқының еңсесін көтеріп, жауға қарсы бірігу идеясын кең жайды.

Қазақ – Хиуа қатынастарына қатысты өрбіген тарихи оқиғаларда, 1740 жылы 4 қарашада Әмудария өзенінің оң жақ бетінде Кіші жүз ханын өзбек старшындары қарсы алып, парсы шахының шабуылынан құтқаруды өтініп,

Хиуа тағына отырғызуға уәде береді. Сөйтіп, бір күннен кейін Әбілқайыр салтанатты түрде Хиуа тағына отырады да, өзінің жаңа резиденциясында Д. Гладышевтің басқаруындағы экспедицияны қабылдайды. Бұл жолы да Әбілқайыр Ресеймен ерекше қарым-қатынасын ескере, Хиуаны орыс патша өкіметінің қол астында екенін айтқан [5, 178 б.].

Шындығында, Кіші жүз ханы Әбілқайырдың мақсаты – хиуалықтар мен бұқаралықтарды орыс патша өкіметінің бодандығына кіргізу емес, орыс өкіметінің көмегі арқылы олардың өзінің қол астына алу еді [11, 31 б.].

Байқағанымыздай, Кіші жүздің көршілес орналасқан халықтармен қарым-қатынасы әр түрлі шайқастар мен қақтығыстарға толы.

Көрнекті ұйымдастырушы, қазақ батырларын біріктіре білген тамаша қолбасшы Әбілқайыр халықтың мұңын терең түсінді. Кіші жүз ханы Әбілқайырдың өз заманындағы басқа әскер басшыларынан айырмашылығы – бірнеше майданда қатар соғысуы, ол Еділ қалмақтарымен, башқұрттармен, Жайық орыс-казактарымен, жоңғарлармен, сондай-ақ Хиуа хандығымен күш сынасты.

Әбілқайыр хан – қазақ халқының тарихында дипломатиялық келіссөздерді жүргізу мен тиімді пайдалану қасиеттерімен және осы салада ерекше ұйымдастырушылық қабілетімен ерекшеленген біртуар тұлға. Әскери дарындығы мен шеберлігі арқасында әрі шайқастарда ер жүректілігін көрсете білген Әбілқайыр қазақ халқының кең даласында үлкен атаққа ие болды.

Біз білетін Кіші жүз ханы Әбілқайыр тек әскер өнерімен даңқы шыққан жоқ, сонымен қатар саясатта да өзіне тән шеберлігімен көрінген.

Әбілқайыр Орта Азияға жаужүрек қолбасшылығымен атағы кең тараған сардар ғана емес, ел билеуде ерекше көзге түскен әккі билеуші, тамаша мәмілегер.

Қазақ-башқұрт қатынастары тек әскери шапқыншылықтармен шектелмеген, сонымен қатар дипломатиялық келіссөздер де тарихта орын алған. Әбілқайыр хан қазақ-башқұрт қатынастарын реттеуде жоңғарларға қарсы қос одақ болу жөнінде ұсыныс жасап, Уфа қаласына елшілік жіберді (1718-1719 жылдар аралығы). Бірақ та Ресей мемлекеті бұл ұсыныстан қашқақтайды. Одақтың құрылуына Кіші жүз халқының әскери немесе саяси жағынан әлсіздігі

ешқандай кедергі жасаған жоқ. Тек бұнда, Ресей мемлекеті басқа саясатты көздеді. Ол Жоңғарияны Қытайға қарсы қойғысы келді [12].

1726 жылдың күзінде Әбілқайырмен бірге басқа да қазақ хандары мен сұлтандары бастаған 10 мың қазақ жасағы Черен Дондук хан мен Доржы Назаров иеліктеріне басып кірді. Қазақ жасақтары бұл жолы шабуылды қалмақ патшасы ұлыстарына жасады. Бұл жорықта қазақ жасағының саны 10 мыңдай болса, қалмақтар 30 мың жауынгердей жасақ жинады. Алғашында жеңіс Әбілқайыр әскерінің жағында болды. Бірақ көп ұзамай Жайыққа жетпеген қазақ жасағына қалмақтың әскері кезікті. Қиыншылыққа кездескен әскер дереу қорғаныс әзірлеуге, «түйе қорған» жасауға көшті. Бұл әскери әдіс бойынша, жау шабады деген жақтарға қатар-қатар түйелерді қойып, аяқтарын буып тастайды да, үстерінен қалың киізді сулап жабады. Бұндай бекініс жауды жақындатпай мылтықпен, садақпен бірер күн қайтаруға жақсы. Қалмақтар мен қазақ халқы төрт күн бойы қақтығысып, тек бесінші күні екі жақ тынышталғаннан кейін келісім жүргізе бастады [13, 108-129 бб.].

Келісуші жақтар: «Бұдан былай екі жақта бір-бірімен жауласпай, тату өмір сүруге, екі жақ осы келісім болған күні туылған жас өспірім өсіп, ат мінгенше жауласпауға анттасты». Келісімсөз барысында аманаттар беру мәселесі де қарастырылды [14]. Бұл келісім 1731 жылы, Еділ қалмақтары тарапынан бұзылды.

Бұл жорықты қорытындылай келсек, қазақ хандары мен қалмақтардың қарым-қатынасы әскери қақтығыстан гөрі саяси жағынан маңызды орын алды. Әбілқайыр хан бастаған қазақ билеушілерінің Еділ қалмақтарымен жасасқан мәмілегерлік қадамы қазақ халқы үшін өте маңызды болды. Себебі белгілі бір уақытқа болса да, қалмақтар жағынан ту сырты тыныш болды және жоңғарлардың әскери-саяси агрессиясына толық көңіл бөліп, әскери күшті осы халыққа қарай түгел жұмсауға мүмкіндік берді. Осы ретте ғылыми еңбекте кездесетін: «Әбілқайыр ханның жаулары Еділ қалмақтары мен башқұрттар, бірақ қалмақтармен бітісуі де оңай, соғысуы да оңай» – деген сөз жолдары еске түседі.

Кіші жүз ханы Әбілқайыр қазақ-башқұрт қатынастарына байланысты көтерген күрделі мәселелердің бірі – 1734 жылы қазақ даласын

отарлаудың тірегі болған Ор бекінісін салу мәселесін ұсынды. Бұл ұсынысты бір жағынан әскери бекінісі, екінші жағынан, сауда мәселесін дамытудың қайнар-көзі ретінде қарастырған. Ресей мемлекеті Әбілқайырдың бұл ұсынысын қолдап отырып, [5, 116 б.] ханның мемлекет қайраткерлік қызметіне риза болды.

Жоңғар билеушілерінің бірі Қалдан Серенмен Кіші жүз ханы Әбілқайырдың жасасқан саяси-мәмілегерлік тактикасына қысқаша тарихи шолу жасасақ, Әбілқайырдың орыс патшасымен одақ болу қатынастарында Қалдан Серен саяси тұрғыдан шалуға тырысқан.

Қайткенде де, қазақ-орыс қатынастарына жік қоюға тырысқан Қалдан Серен әр түрлі шараларды қолданды. Оның Кіші жүз ханы Әбілқайырға жолдаған бір хатында: «Әбілқайырдың орыс патшасының алдында ойнақтағаны Қалдан Сереннің көңіліне қатты батады» – деген сөз жолдары да тарих беттерінде кездеседі. Бірақ кейін жұмсағырақ әдістер қолданғаны да көрінеді.

XVII-XVIII ғасыр аралығындағы тарихи ақиқаттарын еске түсірсек, Еділ қалмақтары, башқұрттардың жер дауы, барымта шабуылы, жоңғар басқыншылығының қоса-қабат шабуыл жасауы қазақ қоғамының әлеуметтік – саяси қалыптасуына кері ықпал жасады. Осындай ауыр жағдайдан шығудың дұрыс жолы Кіші жүз ханы Әбілқайырдың дипломатиялық көзқарасы бойынша Ресей мемлекетінің қол астына кіру.

Сөйтіп, 1731 жылдың 19 ақпанында императрица Анна Әбілқайыр ханға және оған тиесілі қазақ халқымен қоса Ресей қол астына кіргені туралы грамотаны жіберді.

Әбілқайыр ханның өте ықпалды, батыл билеуші, кемеңгер екендігін дәлелдейтін тарих беттерінен қалған оқиғалардың бірінде, Қалдан Сереннің Кіші жүз ханы Әбілқайырмен құда болу ниеті алғашқы елшілігінде (1741) оң жауап әкелмегені белгілі. 1743 жылы көктемде еліне оралған Абылай Әбілқайырға елші арқылы сәлем жолдайды. Ол Әбілқайыр жоңғар ханымен тату қарым-қатынаста болу, сенім үшін ұл-қыздарымен алмасу мәселелеріне қатысты жолдаулар еді [5, 306 б.]. Бұл сол замандағы екі елдің қарым-қатынасын нығайтатын дипломатиялық келіссөздер әдісінің бірі. Бірақ бұл екі елдің құда болу идеясы Ресей империясына ұнамады.

Ендігі тарихи ақиқат керісінше өрбиді. Алғашқы кезеңдерде жоңғар басшысының тарапынан саяси жік қою әдістері байқалса, енді патша өкіметі жоңғар ханының әрекеттерінен сезіктене, екі ел арасына жік қою әдісін қолдана бастады [13, 155 б.].

Осындай жағдайларды көре білген Әбілқайыр Ресей патшалығының сыртқы саясатының негізін түсінді. Дипломатиялық тактиканы терең түсіне білген Әбілқайыр жоңғар қонтайшысымен жақындасқаны Ресейге кері оқ болып тиетінін түсінді. Енді ол өзіне пайдалы жағын ойластырды [15, 53 б.].

Сондықтан болар тарихи зерттеулерде «Кіші жүз ханы өзінің сыртқы саясатында екі жүзді бағыт ұстады» деген тұжырым кездеседі. Бір мезгілде патша өкіметінің де, жоңғардың да бодандығында болуы оның саясатшылығының көрінісі емес, опасыздығының белгісі деп те бағаланды. Әбілқайыр екі елге де адал қызмет етпеген. Ол өзіне жоңғар халқынан келген ұсыныстары мен елшіліктері жайында Орынборға үнемі хабарлап отырған. Осының өзін де тиімді жағына қарай бұрып жеткізе алған.

Сонымен қорыта келгенде, бұны далалық дипломатияны жетік меңгерген Әбілқайыр саясатының екі ұштылығы емес, сол замандағы ерекше мәмілегерлік тәсіл түрі ретінде түсіну керек.

Тиімді жерінде әскери әрекеттерден гөрі мәмілегерлік тәсілдерді молырақ пайдалануға тырысқан – Кіші жүз ханы Әбілқайыр. Оған дәлел, 1742 жылы қазақ хандығымен Еділ қалмақтары бітім-келісімшартқа келді. Осы мәмілегерлік шарты Орынбор губернаторына Әбілқайыр былай деп хабарлайды: «біз қалмақтармен бейбітшілік орнаттық. Біздің барлығымыз бір мемлекет құрамында болғандықтан, бір әкенің баласындай тату-тәтті өмір сүретін боламыз».

Бұл мәселені қорытындылай келе аңғаратын бір жай, Әбілқайырдың қалмақтар арасындағы қайшылықтарда қазақ мемлекетінің мүддесіне қарай шебер пайдаланғандығы. Ол дербес мемлекеттің қайраткері ретінде, Еділ қалмақтарына жиілетіп елшілік жіберу арқылы сол елдің қазақ хандығына бағытталған саясатын айқындап отырған.

Кіші жүз ханы Әбілқайырдың Хиуа хандығымен қарым-қатынастарын қысқаша баяндасақ, Әбілқайыр ханның дипломатиясында ерекше орын алатын мемлекеттердің бірі – Хиуа хан-

дығы. Кіші жүз бұрыннан бері Хиуа хандығымен шаруашылық және саяси қатынастары жағынан тығыз байланыста болатын.

Әбілқайырдың Орта Азияға байланысты саясатында Бұхара және Хиуа иеліктері маңызды орын алады. Басында жалпықазақтың содан кейін бүкіл Орта Азиялық хандық құруды ниетке қойған Кіші жүз ханы.

Әбілқайыр Хиуа, Бұхара хандарының Ресейге бодан болуға ниет ететіндігін және ол арқылы оларды өз билеушісі ретінде танитындығын өз хатында хабарлаған болатын. «Сөз жоқ, бұның бәрі әдейі жалған жазылған болатын», – деп пайымдайды ағылшын тарихшысы Алан Боджер [16].

Әрине, мұның бәрі Әбілқайырдың Хиуа – Қазақ – Ресей қатынастарында ұтқыр дипломатиялық тәсілдер қолдану арқылы өз мақсаттарына жетуді көздегені. Хиуа мен Ресей аралығында орналасқан қазақ хандығының шиеленісті мәселелерін шешуді ойлаған Әбілқайыр алма-кезек Ресей мен Хиуаны пайдалану арқылы екі мемлекетке де ықпал ету мүмкіндігіне ие болғысы келді. Хиуа, Петр I заманынан бастап Ресейдің Шығыс саясатындағы нысанаға алынған мемлекет екенін Кіші жүз ханы жақсы түсінген секілді. Себебі Әбілқайыр орыс үкіметіне жазған хаттарында Хиуаның өзіне бағынышты екенін келістіріп жазып қана қоймай, оны Ресейдің боданы етіп жариялайтындығын мәлімдейді.

Жалпы, Әбілқайыр ханның қазақ қоғамының тағдырына қалдырған ізі – біріншіден, қоршаған ортасы анталасқан жау арасында өзінің жеке әскери қолбасшылық шеберлігі мен дипломатиялық келіссөздерді жүргізуде өзіне тиімді пайдалана білген мемлекет қайраткерлігі. Екіншіден, Қазақстанның Ресей бодандығын қабылдаудағы алғашқы қадам жасасқан тұлғаның бірі ретінде қызметі сипатталады.

Ресейге бодан етуге Әбілқайыр хан үлкен үлес қосты. Ол – сол кездегі қазақ даласында туындаған ішкі және сыртқы саясатты бағалап, ішкі тартысты тоқтатуын және Жоңғар әскерінің басқыншылығынан Ресей өкіметінің көмегімен тоқтатуға болатынын саяси тұрғыдан саралай білген мәмілегер.

Әбілқайыр хан орыс өкіметі арқылы тек қана әскери одақ құру мәселесін ғана емес, сондай-ақ сауда-саттық мәселесінде де дамыту мүмкіншіліктерін қолданғысы келді. Ресей

бодандығын қабылдағаннан кейін Әбілқайыр хан орыс өкіметінен Ор өзенінің Оралға келіп құйылған жеріне қала салуын сұрады. Ол қала, біріншіден, қазақ жерін башқұрт-қалмақтардың шабуылынан қорғайды, екіншіден, Ресеймен сауда жолының орталығы болады деп ойлады.

Әбілқайыр тек әскер өнерін жетік меңгерген қолбасшы ғана емес, сонымен қоса тамаша саясатшы болғанына көзіміз жетті. Мәмілегерлік өнерді жақсы игерген ол көрші елдермен қарым-қатынасты келіссөзбен шешуге тырысқан. Бұл оның саясатшылдығын ерекше даралайды.

Кіші жүз ханы Әбілқайыр – башқұрт, жоңғар халықтарымен, Еділ қалмақтарымен, Жайық орыс-казактарымен, Хиуа хандығымен саяси қарым-қатынастарды түйіндесек, аталмыш халықтармен қандай да бір күрделі мәселелерді көтере, олардың нәтижелерін халқы үшін мол пайдалана алған қазақ даласының қайраткері.

Әбілқайыр хан әскери қару тактикасын ғана емес, сонымен қатар дипломатиялық бағытты да қоса алып жүргендігі туралы қысқаша көрініс міне, осындай.

Еңбектің ғылыми мақсатын толықтыратын келесі бағыт – Сүлейман сұлтан билігі кезіндегі Осман империясының саяси дамуына және оның орта ғасырдағы Еуропа мен Азияның мемлекетаралық қатынастар шеңберінде халықаралық қарым-қатынастар жүйесіндегі рөліне жалпы шолу жасау.

К. Маркстің айтуы бойынша, Осман империясы «Орта ғасырдағы жалғыз шынайы әскери держава» болатын [17, 189 б.].

XVI ғасырда Осман державасының халқы 110 миллион адамды құрады. Мұндай халқы көп басқа держава сол кезде болмаған еді. Осман империясының аумағы еуропалық, азиялық және африкалық Түркияға бөлінді. Империяның шекаралары Венадан Кавказ тауларына, Мароккоға дейін созылды. Империяны басқару ісі 38 әкімшілік бюро көмегімен іске асырылды.

Бұл мемлекет, I Сүлейман билік басында отырған кезде (1520-1566 жж.) өз иеліктерін үш континенттерге жайып, 6 млн шаршы шақырым аумақта орналасқан болатын. Әлбетте, жеңісті жаулап алған жерлер шетел де болсын, империяның өзінде болсын I Сүлейманның мәртебесін жоғарылатты.

XVI ғ. екінші жартысында Осман империясының халықаралық мәні ең күшті

державалардың бірі ретінде күшейді. Оның сыртқы саяси қатынастарының шеңбері кеңейді. Түрік сұлтандары белсенді сыртқы саясатты жүргізді, өз жауларымен шайқасу жолдарында тек қана әскери күш-жігерін ғана емес, сонымен қатар саяси-мәмілегерлік амал-жолдарын да жетік қолданды.

Тарихшылардың пайымдауынша, Осман империясы "Орта ғасырдағы жалғыз әскери держава" болды. Оның мемлекеттік және әкімшілік құрылымы I Сүлейман сұлтанның заңдар жинақтарында бекітілді (олар 21 болатын). Провинциялар округтерге бөлінді, оларды билеушілер азаматтық қызметтерімен қоса, әскери қызметтерді де қатар атқарды. Олар сипахтардың жасағын және янычарлардың жергілікті гарнизонын басқарды [18, 98 б.].

Сонымен, XVI ғ. Осман империясы үшін ең ірі әскери әрі саяси күш-қуатты заман болып суреттеледі. XVI ғ. бірінші жартысында Таяу Шығыстағы және Солтүстік Африкадағы елеулі аумақтар империя құрамына енгізілген болатын. Бұл – I Селим сұлтанмен жүзеге асырылған іс-шаралар көрінісі.

Толығырақ тоқталатын болсақ, Осман тарихында әйгілі тұлғалардың бірі – I Селим сұлтан (1512-1520 жж.). Ол өз назарын ең алдымен Сефевидтердің мемлекетіне (Иран шахтарына) қарсы соғысқа шоғырлады. Османдар мен Сефевидтердің бақталасуының басты объектісі болып еуропа-азиялық сауданың дәстүрлі керуен жолын бақылау еді.

Шығыс Анатолияның бірнеше аумақтарын жаулап алған сұлтан I Селим шығыс бағытта үлкен әскери жетістіктерге жетті. Мәмлүктердің мемлекетін қиратқан ол, Мысыр, Сирия, Палестинаны және араб әлемінің басқа да елдерін жаулап алады. Осы кезден бастап жоғарғы діни институт ретінде араб ғалифының рөлі Османдардың қолына өтті. Негізгі қауіп-қатерін Азиядан көрген сұлтан I Селим өз басқаруының барлық кезеңдерінде саяси және әскери белсенділікті азиялық бағытта көрсетті және де Осман империясының қатысуымен дүниежүзілік саясатты жүргізу үшін өз мирасқорына Еуропа мен Жерорта теңізінде өте маңызды және белсенді іс-әрекеттерді жүзеге асыруға мүмкіндік жасады.

Селим өте атақ құмар адам еді. Тарих сахнасында оның Александр Македонский секілді

бүкіл әлемді паш еткісі келетінін мәлімдеген сөз жолдары да кездеседі [19, 115 б.].

Селимнің қатыгездігі жауларын да, достарын да үйрейлендіретін. Оған дәлел ретінде, Иран шахына қарсы шайқасы кезінде, ол 40 000 адамның көзін құртуға бұйрық береді. Оның себебі олардың шахқа адал қызмет етуінде еді.

Иранға қарсы шайқаста жеңімпаз болған І Селим Әзірбайжан, Арменияның бір бөлігі, Грузия, Дағыстан және Күрдістан елдерін жаулап алды. Содан кейін Сирия мен Мысырды жаулап алуына қадам бастады. Аталмыш елдердің жерін өз империясына қосып, ол өзін барлық мұсылмандардың бас халифі етіп жариялады. Өз ұлы Сүлейманға ол жаулап алынған жерлерді біріктіруді және оларды империяның ажырамас бөлігі етуге өсиет етті.

Сүлейман сұлтанның әкесі І Селим Трабзон губернаторы қызметіне атасы ІІ Беязидтың бұйрығымен тағайындалған болатын.

Сұлтан Сүлейман Осман империясының әйгілі сұлтаны ретінде белгілі. Сұлтан Сүлейман тақта отырған кезінде империя аумақтары кеңейтілді және сұлтанның заң шығарушы қызметіне де қосқан үлесі зор. І Сүлейман басшылық еткен заманда Орталық Еуропадан Үнді мұхитына дейін жайылған кең байтақ аумақтағы әскери жетістіктер Осман империясына әлемдік держава мәртебесін берді.

Еуропалықтарға «Құдіретті» («Великолепный»), ал өз еліне «Заң шығарушы» («Законодатель») ретінде танымал болған ол өте жарқын әскери стратег еді. Өзінің 13 империялық шайқасы кезінде І Сүлейман XVI ғасырдағы Еуропа мен Азияның ұлттық мемлекеттеріне терезесі теңіндей қарсы тұра алды.

Осы тұста, тарихта аттас адамдар кездесетінін атап өту керек. Мұндай ұқсастық біздің де қаһармандарымызда да кездеседі. Мәселен, Еуропада «Әсем» атанған, Осман империясының 10-шы атакты сұлтаны Сүлейман (1495-1566 жж.), көпшілік оны – І Сүлейман, ал 1403-1411 жылдар аралығында Осман иеліктерінің кейбір бөліктерін басқарған сұлтан ІІ Сүлейман болатын [20, 62 б.].

Бұндай аттас тарихи тұлғалар біздің тарихымызда да кездеседі. Толығырақ айтатын болсақ, XV ғасырда өміт сүрген Әбілқайыр (1411-1468), Абдолла Әбілқайыр (...-1730 жж. шамасы) және Әжі Әбілқайыр (1693-1748) аттас азаматтар халқына қызмет еткен [21].

Сұлтан І Сүлейман 1520 жылы әкесінің өлімінен кейін 26 жасында таққа көтеріліп, Осман империясын 46 жыл басқарды. Тарихта, басқа түрік сұлтандарына қарағанда ұзақ билік жүргізген дәл осы І Сүлейман. Сұлтан Сүлейманның басқару кезеңі Осман империясының құлпыра гүлденуіне дәл келеді.

1512-1520 жылдар аралығында билік еткен І Селимнің ұлы, есімі көкке шыққан Осман империясының 10-шы сұлтаны І Сүлейман 1495 жылы Трабзон қаласында дүниеге келеді.

1520 жылдан Осман империясын басқарған түрік сұлтаны – І Сүлейманның басшылығымен империя аймақтары жан-жақты кеңейтілді және саяси-әскери қуатқа ие болды. Ол белсенді жаулап алушылық, шапқыншылық саясатын жүргізді, жеке өзінің басшылық етуімен 13 жорыққа қатысты.

Сүлейман сұлтан билік еткен заманда Осман империясы жоғарғы саяси қуатқа жетті. Венгрия хандығының бір бөлігін, Месопотамияны, Аравияны, Триполи және Алжир аумағын жаулап алады.

Осман империясының ішкі қызметін жүзеге асыруда Сүлейман паракорлыққа қарсы күрескен адал басшы ретінде халық есінде қалды. Сондай-ақ өнер мен философияның дамуын қоштайтын, дарынды ақын мен шебер ұста да болатын. Бір сөзбен айтқанда, сегіз қырлы, бір сырлы жігіттің өзі еді. Осман империясының заңнамасын өзгертіп жүйелеген ғылым мен өнерге жақын өнегелі, білімді жан да болатын. Ол заңнама қызметін жүйелеуде даналығын паш еткен біртуар тұлға. Осман империясы І Сүлейманның заманында өзінің мәдени, қоғамдық-саяси, әскери дамуы жағынан жоғары деңгейге жеткен ең қуатты империя болды.

Түрік тарихшылары үшін «Заң шығарушы» («Kanuni»), ал әлемге «Құдіретті» («Великолепный») есімімен танымал болған І Сүлейман тұңғыш рет Осман империясының басқару жүйесін бір мезгілде шариятқа сәйкестіруге және де жазбаша түрде баяндалуына талпыныс жасалынған болатын. Демек, түрік халқы үшін І Сүлейман әрдайым Kanuni, яғни заң шығарушы ретінде де есте қалды.

Сүлейман өз мемлекетінің дамуына көп зер салды. Оның мақсаты Стамбул қаласын Ислам өркениетінің орталығы ету еді. Сүлейманның басшылығымен жүзеге асырылған Осман империясы заңдарының басты ерекшелігі сол, мем-

лекет азаматтарының әртүрлі құқықтары мен міндеттері бар екі топқа бөлінуі – мұсылмандар және мұсылмандар емес.

Сүлейман тақуа мұсылман болды. Оның басшылық еткен заманында әртүрлі ұлттар мен дін өкілдері бейбіт өмір сүріп, еркін өз дінін, салтын және заңдарын қолданған. Осман империясының құрамында болған мұсылмандар мен христиандар емін-еркін өз істерімен шұғылданды. Христиан қауымының өкілдері Ислам дінін ұстаушы азаматтар секілді өздерінің діни рәсімдерін орындай беретін. Осыдан Осман империясы толерантты держава болып есептелінді деуге болады [22, 265 б.].

Әкесі сұлтанға өзінен кейін ұлан-байтақ елді, қуатты және тәжірибелі әскерді қалдырды. Сүлейман, XVI ғасырда түріктердің ұлы падишахы, барлық мұсылмандардың халифі және әлем әміршісі болып есептелінді. Дүниежүзілік тарихта бұл кезең "Түрік дәуірі" деп аталынған, өйткені XVI ғасырдың өте дамыған өркениеті – Осман империясы болып табылды.

Сұлтан Сүлейман ұлы қолбасшы ретінде де тарих сахнасында із қалдырды. Ол басқарған Осман империясы жоғары даму шыңына жетті.

Егер де Сүлейманның әкесі I Селим империя аумағын шығыс бағытта кеңейтсе, Сүлейманның өзі империя иеліктерін кеңейтуде еуропалық елдерге назар аударды. Бұл саясат шеңберінде Белград қайта алынды және Родос аралы тұтқындалды. Көмек сұрап елшілік жіберген Франция королі I Франсуаны құтқару мақсатында Чарльз Куинтқа қарсы әскери жорықтар шөлде де, көлде де тоқтатылды.

Венгрияға жорықтары мен Мохач шайқасы, Будинді басып алуы, Алманияға жорығы, Вена ны қамауда ұстауы бұның барлығы сұлтан Сүлейманның саясаты еді. Дегенмен де Сүлейман саясатында шығыс та ұмытылмады. Иранға және Бағдадқа, Қызыл теңізден Үндістанға дейін әскери жорықтар жүргізілді.

Ғылыми жұмыстың бағытын толықтай ашу мақсатында сол дәуірдегі кейбір тарихи саяси-әскери оқиғаларға тоқталайық.

Бір күні уәзір Мехмет Паша өз сұлтанына былай деп айтыпты: «Менің патшам, Еуропа қақпасы – Белград; Жерорта теңізінің кілті – Родос». Уәзірі өз сөзін айтып болғанша, Сүлейман аталмыш жерлерді басып алуға шешім қабылдайды. 1521 жылы Белград, содан

соң 1522 жылы Сенжан серілерінен Родос аралы жаулап алынды [23, 22 б.].

Родос Жерорта теңізінде түрік үстемдігін анықтауда басты бөгет болды. 1480 жылы Кіші Азия жағалауында түріктер бұл аралға ие болуға талпыныс жасаған болатын, бірақ ол кезде қайта шегінуге тура келген еді.

I Сүлейман таққа отырған беттен жаулап алу жорықтарына және Осман империясының аймақтарын кеңейту іс-шараларына көшті.

Родос бекінісінің екінші қоршауы 1522 жылы басталды. I Сүлейман аралға жақсы дайындалған әскерлерін жіберді, ал қаланы теңізден флотымен қоршады.

Вилье де Лиль Адамның бастауымен иоанниттер бес айға дейін төтеп тұра алды. Кенеттен, иоанниттер туын төмен түсіруге мәжбүр болды. Олардың мұндай шешіміне аралдан аман-есен қалуларына мүмкіншілік берген сұлтанның мәмілегерлік өнерді жетік меңгеріп, келіссөздерді тиімді жүргізгені ықпал етті.

Сонымен, жоғары да айтылғандай, I Сүлейман өз империясының аумағын тек Шығыс бағытта ғана емес, сонымен бірге Еуропа аймағына да қарай кеңейтуге ұмтылды. 1521 жылы Белград қаласын жаулап алып, түрік әскері 1526-1543 жылдар аралығында Венгрияға қарсы бес жорық ұйымдастырды. 1526 жылы Мохача шайқасындағы жеңістен кейін, 1529 жылы түріктер Вена маңайында жеңілістерге ұшырады. Бұл бірақ оңтүстік Венгрияны түрік үстемдігінен босатпады. Жақын арада Орталық Венгрия да түрік әскерімен жаулап алынды. 1543 жылы түрік әскерімен жаулап алынған Венгрияның бөлігі 12 облысқа бөлініп, сұлтанның орынбасарларының басқаруларына тапсырылды.

XVI ғасырда Осман империясының әскери ісі және мемлекеттік, әкімшілік құрылымы Сүлейман қабылдаған заңдар жинағында көрініс тапты. Сұлтан өз құзыреті шеңберінде империяның әскери-қарулы күштерінде ғана емес, сонымен қатар ішкі және сыртқы қызметінде негізгі, маңызды мәселелерді шешіп, басшылық етті.

Еуропада ол Родос аралын, Венгрияны және Грекия, Австрия империясының көптеген бөліктерін жаулап алды. Австрияға қарсы жорығы Сүлейманды Венаға бірақ алып келді.

Венецияға (1505 ж.) және Мысырға (1517 ж.) әскери соққы беруі арқылы Османдар Шығыс

Жерорта теңізінде бақылау қызметіне ие болды. Испанияның теңіздегі үстемдігін тоқтату мақсатында 1522 жылы Сүлейман иоанниттер орденінен Родос аралын жаулап алған болатын. Содан кейін Солтүстік Африкадағы Алжир мен Триполи жер иеліктерін жаулап алуға кірісті. 1538 жылы венециялық және габсбургтік біріккен флот батыс Грекия жағалауындағы шайқаста османдардан соққыға жығылғаннан кейін османдықтар Жерорта теңізінде гегемонияны орнатты. Жерортадан Қызыл теңізге дейінгі және парсы шығанағындағы араб жерлерін османдардың жаулап алулары, Жерорта теңізіндегі әскери үстемдігі Сүлейманды Қытай және Үндістаннан Еуропаға баратын ескі таяушығыс сауда жолында бас қорғаушы етті. Сүлейман Қызыл теңіз бен парсы шығанағындағы негізгі порттарды алып, Үнді мұхитына әскери флотын жіберді. Бұл жаулап алу шаралары Осман империясының аумағын батыс және шығыс бағытында кеңейтті, сондықтан Сүлейманның басқаруы оның алдыңғы түрік сұлтандарының жетістіктерін бекітіп қалу кезеңі секілді көрінеді. Сүлейман қоғам өмірінің және мемлекет басқаруының барлық тұрғыларын қамтитын заңдар топтамасын шығарды.

Сонымен, сұлтан I Сүлейманның басқаруында болған Осман империясы әлеуметтік-экономикалық, саяси-мәдени, әскери шапқыншылық дамуы жолында ең жоғары шыңына жетті. Империя Еуропа аумағында Венаға дейін, ал Азия бөлігінде Үндістанға дейінгі жер иеліктеріне созылды, Мароккодан басқа бүкіл Солтүстік Африкаға жайылып, орналасты. Басқа сөзбен айтқанда, бұл империя сол дәуірдегі мемлекетаралық қарым-қатынастарды және халықаралық саясат мәселесін шешуде орасан зор рөл атқаратын әлемдегі супердержава болып саналды.

Сұлтан Сүлейман шығыс бағытында сәтті жорықтарды әзірлеп (Иракейнге (1534-1535 жж.), Табриз (1548-1549 жж.) және Нахичеван (1533-1555 жж.)), басқарды. Олардың нәтижесінде Араб және Ирак, Әзірбайжан, Тебриз, Бағдад, Шығыс Анатолия қалалары басып алынды.

Шығысқа османдық өктемдік жүргізуін Сүлейман Ирандағы Сефевидтер мемлекетіне қарсы бағыттады. Жауап ретінде Сефевидтер Шығыс Анатолияның түрік тайпаларының

арасында таратылған діни ілімдерді қолдай бастады, сонымен бірге Осман империясының қарсыластары Еуропадағы Габсбургтермен және шығыс теңізіндегі португалдықтармен саяси-мәмілегерлік және әскери қарым-қатынастар орнатты. Тек 1533 жылы Австриямен бейбіт келісімшарт орнатқаннан кейін, Сүлейман Сефевидтерге қарсы үш бірдей жорық ұйымдастырып (1534–1535, 1547–1548 және 1554) шығысқа назар аударды. Сүлейман Иракты, Күрдістан және Батыс Арменияның көптеген бөліктерін жаулап алды, бірақ оған сефевидтермен шешуші шайқас бұйырмапты. Оның үстіне Сүлейман ұлдарының арасында таққа таласуы басталды. 1555 жылы Сүлейман Иранмен бітім келісімшартқа қол қойды. Ол келісімшарт бойынша оның барлық иеліктері заңдастырылғанымен өкінішке орай, ол Шығыс Арменияны және Әзірбайжанды қосып алу жоспарын жүзеге асыра алмады.

Сүлейманның басты одақтасы өзінің батыстағы қарсыласы габсбургтердің қолын байлау үшін, османдардың күш-жігерін шығыста қолдануға ниеттенген Франция королі I Франциск еді. Нәтижесінде, 1536 жылы атақты капитуляция жарыққа шықты. Ол бойынша Сүлейман француздарға сауда артықшылықтарын берді. Бұған сәйкес, Франция Осман империясының батыстағы басты сауда әріптесі болды. Капитуляцияның негізінде француз көпестері, тіпті, Осман империясындағы француздықтар ерекше артықшылықты шарттарға ие болды. Олар империяның барлық иеліктерінде еркін сауда-саттық жүргізу құқығын алды. Сондай-ақ, Франциямен одақтық және сауда-саттық келісімшарттар Габсбургтерге қарсы күресте Осман империясының ұстанымдарын күшейтті.

Осман империясының геосаясат жағдайы сол дәуірдегі еуропалық саяси құрылымына ықпал етті және оның ажырамас бөлігі болды. Назар аударатын бір жайт, сұлтанның шапқыншылығы заманында түрік үкіметі бейбіт келісімге келу туралы ұсынысты қарсыластарының бірінші болып жасауын қатаң қадағалады. Мұндай жоспарлар түркі басшыларына байланысты болды, себебі олардың саяси-мәмілегерлік бағыты еуропа тарихына ықпал етті. Мәселен, Сүлейманмен одақ құруға ниеті бар екендігін көрсеткен поляк Я. Запольяи Стамбулға елшілік жібергені тарих сахнасынан айғақ. Екі жақты

келісімнің нәтижесінде сұлтан Сүлейман Я. Запольяиға «хан» лауазымын беріп қана қоймай, оған түркі әскері жаулап алған жерлерді беріп, оған Фердинандтан және оның басқа да жауларынан қорғауға уәде береді. Саяси-мәмілегерлік келіссөздер жүргізу барысында шартқа қол қойылды. Шартқа сәйкес, Запольяи сұлтанға жыл сайын алым-салық төлеуге, әрбір 10 жылда Венгрия халқының бір бөлігін сұлтанға қызмет етуге беруге және мәңгілікке аумағы арқылы түрік қарулы күштеріне еркін өту құқығын беру міндеттемелерін өз жауапкершілігіне алды. Бұл Я. Запольяиды сұлтан вассалына, ал Венгрияның жарты бөлігін Түркия протекторатындағы хандыққа айналуына алып келді. Жерорта теңізі сол дәуірдегі Осман саясатындағы маңызды орын алатын. Шайқастың негізгі объектілері де осы Венгрия және Жерорта теңізі болатын.

Сүлейман жастайынан мемлекеттік істерді шешуде қызығушылық танытты. І Сүлейман қызметінің басты бағыттарының бірі – Таяу Шығыс, Шығыс Еуропа және Жерорта теңіз жағалауындағы елді мекендерді бағындыру мақсаты болды. Оның даңқы тағы ұлы флотты әзірлегенімен де шықты. Түрік кемелері XVI ғ. Үндістанның жағалауына дейін жетіп, барлық мұхиттар мен теңіздерде жүзді.

Сонымен, І Сүлейманның басшылық жүргізген заманында түрік-османдар Орталық Еуропаға баса көктеп кірді. Оның алғашқы жеңістерінің бірі – Белград қаласын басып алуы. Одан кейін түрік әскерлер Мохача шайқасында (1526 ж.) чех-венгрия әскерлерін қиратып, Венгрияға қарай туын көтеріп, қозғалды. Бұл жеңістен кейін түрік әскері елдің ойран талқанын шығарып, Венгрия Австрия мен Осман империяларының арасында бөлінді.

Демек, Осман империясы аймақтық кеңейтулерін XVI ғ. І Селим (1512-1520 жж. басқарған) және І Сүлейман (1520-1566 жж. басқарған) кезінде қол жеткізді.

Өмірінің нағыз шыңы 71 жасында, 13-ші және соңғы жеңісі болып Сүлейманның Зигетвар жанындағы шайқас болып есептеледі. Алмандық императорының салық төлеу міндеттемесі бойынша берген уәдесін орындамағанын білген Сүлейман қайратсыздығына және кәриелігіне қарамастан жеке өзінің қатысуымен әскери жорыққа шығуды ұйғарады.

Денсаулығы нашар болса да, оның көңілі әскери жорықта болды. 1566 жылы Венгрияда алмандықтарға тиесілі Зигетвар бекінісін қоршауға алуы басталды [18, 242 б.].

Осы жылы Венгриядағы бекіністің қоршауы кезінде, тура әскери қақтығыстардың ортасында, өзінің Габсбургтерге қарсы соңғы жорығында І Сүлейман қаза болды.

Сый-құрмет пен атақ-абыройға толы болған өмірі осы жорықта сөнді. Сүлейман өмірінің ең соңғы сәтін зеңбіректердің атысы мен барабан әуендерінің арасында өткізіп аяқтады. Осман империясы осыдан кейін құлдырады.

Зигетвар бекінісін жеңу керек еді, сондықтан падишахтың қазасы туралы ешкімге үн білдірілмеді.

Сонымен, қорытынды жасайтын болсақ, І Сүлейман кезінде Осман империясы күшті әскері мен флотының арқасында әскери қуатты державаның бірі болып, көрші мемлекеттердің барлығымен бәсекелесе алды. Бұл дәуірде әлемдегі мемлекеттердің қарым-қатынасындағы бірде-бір маңызды мәселе Осман империясының қатысуынсыз шешілмеген. І Сүлейман басшылығында Осман мемлекеті Еуропа саясатының белсенді элементі ретінде болды. Осы кезеңді суреттегенде Осман империясы Анатолия-Балкан түбегіндегі мемлекет мәртебесінен дүниежүзілік мемлекет деңгейіне дейін көтерілгенін күмәнсіз айтуға болады.

Осман империясы өзінің қуатты дамуы XVI ғасырдың ортасында І Сүлейманның басқаруы кезінде орын алды. Империяны гүлдендіріп, сол дәуірдегі қуатты, ірі державаны басқарған І Сүлейманды «Күдіретті» («Великолепный») деген есіммен Еуропа халқының есінде қалса, түрік тарихшылар, мемлекеттік заңдар жинағын шығаруда белсенді қызмет еткенін бағалап, оны «Заң шығарушы» («Законодателем») дейді.

Осман империясының гүлденуі І Сүлейманның (1520-1566 жж.) басқару жылдары болып саналады. Ол Осман империясын басқарған түрік сұлтандарының ішінде ең қуатты билік жүргізген, даңқы көкке шыққан, есімі ел есінде болған әйгілісі болды.

Жалпы алғанда, І Сүлейманның басқаруы кезеңінде: Будапешттен Дунайдағы Асуанаға дейінгі Ниль аумағы, Ефрат және Тигрден, Бағдад және Грузиядан Гибралтар бұғазына дейінгі жер иеліктер Осман империясының саяси шекарасының құрамында болды.

Еуропа елдеріне шабуыл жасау кезінде І Сүлейман сұлтан өзін дарынды, кемеңгер қолбасшы екендігін көрсете білді. Оған әскери тәжірибені бірінші атасы, содан кейін әкесі үйреткен болатын.

**Conclusions. (Қорытынды).** Сонымен, мемлекет қайраткері ретінде атқарған қызметтерін салыстыру негізінде ой елегінен өткізіп, аталмыш екі тұлғаның мемлекеттік қайраткерлік қызметіне түйін жасасақ.

Бірінші, Сүлейманның жаулап алу саясатына түйін жасасақ, бұл дәуірді – Осман империясының «алтын ғасыры» деуге болды. Сүлейман қолбасшы – бабалары мұра еткен империяны сақтап қана қоймай, әскери, саяси-мәмілегерлік іс-әрекеттерді белсенді қолданып патшалығының аумағын кеңейткен дана тұлға; Сүлейман – заң шығарушы, империяның басқару құрылымын жетілдіріп, дамытқан біртуар азамат; Сүлейман – Мемлекет қайраткері, өз елін дүниежүзілік ірі держава мәртебесіне ие етті.

Сүлейман Осман әулетінен шыққан ең атақты, әйгілі сұлтаны болып есептелінеді. Оның басшылығымен Осман империясы өзінің аумағына Белград пен Сербия, Венгрияның бөлігі (1526 жылғы Мохачтың жанындағы шайқастан кейін), Родос аралы, Таяу Шығыста және Марокко шекарасына дейін Солтүстік Африканың біршама жерлерін өз құрамына қосып, әлеуметтік-экономикалық, саяси-мәмілегерлік жоспарларында белсенді дамыған.

І Сүлейманның жаулап алған жерлері Осман империясын шығыс және батыс жағынан толықтырды, сондықтан Сүлейманның басқаруы алдыңғы сұлтандардың жаулап алған жерлерін орнықтыру кезеңі сияқты көрінеді. Сонымен қоса Сүлейман мемлекет басқаруының барлық тұрғыларын қамтитын заңдар топтамасын шығарды.

Әбілқайырдың мемлекет қайраткері ретіндегі қол жеткізген ең жоғары лауазымы – біріккен қазақ жүздерінің жасағының бас қолбасшысы болып сайлануы еді. 1726 жылы Түркістан қаласы маңындағы Ордабасы биігінде үш жүз өкілдерінен жиналған халық жасағы қайта құрылды. Әскери өнерімен даңқы шыққан Әбілқайыр бүкіл қазақ халық жасағының бас қолбасшысы болып сайланды. Әбілқайыр ханның басқаруымен 1727 жылы Бұланты өзеннің бойында (бұл жер – "Қалмақ қырылған" деп аталады), 1729 жылы Балқаш өзеннің оңтүстігінде орналасқан Аңырақай жерінде жоңғарлармен ірі шайқастар болды. Бұлар қазақ жасағының бас қолбасшылық қызметін атқарған Әбілқайыр ханның үлкен әскери жеңістерінің көрінісі.

Әбілқайыр хан – шет ел мемлекеттерімен ерекше батыл да тың, аса көрнекті және нәтижелі халықаралық келіссөздер жүргізіп, қарым-қатынас орната білген өз заманының дипломатиялық өнерін жете меңгерген және оны белсенді қолдана білген мемлекет қайраткері. Оның башқұрттармен, жоңғарлармен, Еділ қалмақтарымен, Жайық орыс-казактарымен, қарақалпақтармен, Ресей империясымен жүргізген келіссөздері және осы халықтардың ресми органдарымен орнатқан қарым-қатынастары Әбілқайырдың дипломат ретіндегі іс-әрекеттерінің өз заманының талабына сай болғандығын дәлелдейді.

Қорыта келгенде, айта кету керек қысқа да нұсқа берілген мәліметтер, әрине, Әбілқайыр ханның және Сүлейман сұлтанның билік жүргізген барлық кезеңдеріне толық талдау бермейді. Сонда да болса, өз заманының ұлы тұлғаларының бейнесіне, мемлекет қайраткері ретіндегі қызметіне ғылыми сомдауға, суреттеуге талпыныс жасалынды.

### Әдебиеттер

- 1 Назарбаев Н.Ә. Тарих тағылымдары және қазіргі заман. – Алматы: Қазақстан, 1997. – 128 б.
- 2 Ерофеева И.В. Хан Абулхаир полководец, правитель и политик. – Алматы: Санат, 1999. – 336 с.
- 3 Әбдіров М. Қазақтар мен қазақтар // Ақиқат. – 1994. – № 11. – 46-50 бб.
- 4 Озғанбай Ө. Ресей Думасы және Қазақстан (1905-1907 жж.). – Алматы: ІР Парламентінің баспаханасы, 1997. – 460 б.
- 5 Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках: сборник документов и материалов. – Алма-Ата: АНКазССР, 1961. – 739 с.
- 6 Басин В.Я. Казахстан в системе внешней политики России в первой половине XVIII века. – Алма-Ата: Наука Каз ССР, 1969. – 203 с.

- 7 Абен Е., Арын Е. Первые лица государства: Политические портреты. – Алматы: Білім, 1998. – 365 с.
- 8 Аманжолов К., Тасболатов А. Қазақстанның әскери тарихы. – Алматы: Білім, 1999. – 320 б.
- 9 Қазақ ССР тарихы. – Алматы: Ғылым, 1982. – Т.ІІІ. – 560 б.
- 10 Қасымбаев Ж. Аңырақай шайқасының ақиқаты // Егемен Қазақстан. – 1999. – 8 шілде.
- 11 Кэстль Джон. 1736 жылы Кіші жүз ханы Әбілқайырға барып қайтқан сапар туралы. Неміс тілінен аударған Төреханов Ә. Алғы сөзі мен ғылыми түсініктемелерін жазған Есмағамбетұлы К. – Алматы: Атамұра, 1996. – 96 б.
- 12 Артықбаев Ж. Елшіліктер шежіресінен // Қазақ тарихы. – 1997. – № 1,6; 1998. – № 1.
- 13 Омари Ж. Бұқар жырау. Он екі тарих. – Қарағанды: Полиграфия, 1994. – 333 б.
- 14 Моисеев В.А. Джунгарское ханство и казахи в XVII и XVIII вв. – Алма-Ата: Казахстан, 1991. – 237 с.
- 15 Мұқаметқанұлы Н. Тарихи зерттеулер. – Алматы: Жалын, 1994. – 144 б.
- 16 Алан Боджер. Қазақ халқын орысқа бодан еткен хан Әбілқайыр туралы ағылшын тарихшысының пайымдамасы // Ақиқат. – 1992. – № 4. – 27-31 бб.
- 17 Аполлова Н.Г. Присоединение Казахстана к России в 30-х годах XVIII века. – Алма-Ата: АН-КазССР, 1948. – 253 с.
- 18 К. Маркс Хронологические выписки II, «Архив Маркса и Энгельса», т. VI. – 189 с.
- 19 Л. Гарольд Сулейман Великолепный. Величайший султан османской империи 1520-1566. – М.: ЗАО Центрполиграф, 2012. – 387 с.
- 20 Р.Мантран Повседневная жизнь Стамбула в эпоху Сулеймана Великолепного. – М.: Молодая гвардия, 2007. – 367 с.
- 21 Қаратаев Т. Әбілқайыртанудың кейбір «ақтандақ» беттері // Қазақ әдебиеті. – 1998. – 11 желтоқсан.
- 22 Попков В.А., Коржуев А.В. Теория и практика высшего профессионального образования. – М.: Академический Проект, 2004. – 432 с.
- 23 Л. Гарольд Сулейман. Султан Востока. – М.: ЗАО Центрполиграф, 2002. – 378 с.

## References

- 1 Nazarbayev N.A. Tarikh tagylymdary zhane kazirgi zaman. – Almaty, Kazakhstan, 1997 – 128 pages
- 2 Erofeyev I.V. Abulhair Khan – a commander, ruler and politician. – Almaty: Sanat, 1999 – 336 pages
- 3 Abdirov M. Kazaktar men kazaktar // Akikat. – 1994. – 11. – 46-50 pages.
- 4 Ozganbay O. Rissian Duma and Kazakhstan (1905-1907) -Almaty: IP Publishing Parliament, 1997 – 460 pages
- 5 Kazakh-Russian relations in the XVI-XVIII centuries: the collection of documents and materials – Alma-Ata, AN Kaz SSR, 1961 – 739 pages
- 6 Bassin V.J. Kazakhstan in the system of Russian foreign policy in the first half of the XVIII century – Alma-Ata, Nauka Kazakh SSR, 1969 – 203 pages
- 7 Aben E., Aryn E. Leaders of the state: Political portraits – Almaty Bilik, 1998 – 365 pages
- 8 Amanzholov K., A. Tasbolatov A., Militaru history of Kazakstan- Almaty: Bilim, 1999- 320 pages
- 9 History of Kazakh SSR – Almaty: Gylym, 1982 – V.III. – 560 pages
- 10 Kassymbayev J. Anyrakay shaykasynyn akikaty// Egemen Kazakhstan. – 1999 – July 8
- 11 Kestl John. About the visit of the Khan of Minor Zhuzh Abulhayirin 1736. Translation by Torehanov A from German. Introduction and scientific explanation written by Esmagambet uly K. – Almaty Atamura, 1996 – 96 pages
- 12 Artykbayev J., Elshilikter shezhiresinen // Kazak Tarija. – 1997. – 1,6; 1998. – 1.
- 13 Omari J.,Bukarzhyrau. On ekitarij – Karaganda: Polygrafia, 1994 – 333 pages
- 14 Moiseyev, V.A. Jungarian Khanate and Kazakhs in the XVII and XVIII centuries – Alma-Ata, Kazakhstan, 1991 – 237 p.

- 15 Mukametkanuly N., Historical research – Almaty: Zhalyn, 1994 – 144 pages
- 16 Alan Bodzher, Kazakh halkyn oryska bodan etken Khan Abbulhair turaly agylshyn tarihsynyn paymdamasy // Akikat – 1992 – 4. – p. 27-31
- 17 Apollova N.G., Accession of Kazakhstan to Russia in the 30 years of the XVIII century – Alma-Ata AN Kaz SSR, 1948 – 253 p.
- 18 K. Marks Khronologicheskie vypiski II, «Arkhiv Marksa i Engel'sa», T.VI. – 189 p.
- 19 L. Garol'd Suleiman Velikolepnyy. Velichaishiy sultan osmanskoi imperii 1520-1566. – M.: ZAO Tsentrpoligraf, 2012. – 387 p.
- 20 R. Mantran Povsednevnyaya zhizh Stambula v epokhu Suleimana Velikolepnogo. – M.: Molodaya gvardiya, 2007. – 367 p.
- 21 Karataev T. Abilkhairtanudin keibir «aktandak» betteri // Kazakh adebieti. – 1998. – 11 zheltoksan.
- 22 Popkov V.A., Korzhuev A.B. Teoriya i praktika vycshego professional'nogo obrazovaniya. – M.: Akademicheskii Proekt, 2004. – 432 p.
- 23 L. Garol'd Suleiman. Sultan Vostoka. – M.: ZAO Tsentrpoligraf, 2002. – 378 p.